

ТҰЛҒА

Жауһар ойдың иесі

Философия ғылымдарының докторы, профессор Тілекжан Хасенұлы Рысқалиев 1938 жылы 17 желтоқсанда бұрынғы Орал облысы Орда ауданының Азғыр ауылында дүниеге келген. 1957 жылы орта мектепті бітірген соң ауылда еңбек етіп, әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтейді. 1962-1967 жылдары Киевтің Т.Шевченко атындағы Ленин орденді мемлекеттік университетінің философия факультетінде оқыған.



Университетті бітіргеннен кейін Оқу министрлігінің жолдамасымен Көкшетау педагогикалық институтында аға оқытушы жұмыс жасайды. 1968 жылдың қыркүйегінде Қазақ ССР Ғылым академиясының философия және құқық институтына аспирантураға күндізгі бөлімге оқуға түседі. Аспирантураны бітіргеннен кейін 1971 жылы Алматы медициналық институтының философия кафедрасына аға оқытушы болып жұмысқа орналасады. 1975 жылы Философия және құқық институтының

диссертациялық кеңесінде «Становление конкретного историзма Гегеля» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1976 жылы Ж.Әбділдин және басқа да авторлармен бірлесіп, «Роль принципа конкретности в современной науке» деген монография жазады. Ғылыми жұмысты жалғастыру мақсатында 1978 жылы Философия және құқық институтына аға ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасады. Тілекжан Хасенұлы 1999 жылы ҚР ҰҒА-

ның Философия және саясаттану институтында «Философия тарихындағы даналық мәселесі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Сол жылы «Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу)» деген монографиясы жарық көреді.

1983-2001 жылдары бұрынғы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында философия кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарған. 2001 жылы Алматы еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының Орал филиалына ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып қызметке кіреді. 2002 жылы Ақтөбе мемлекеттік университетінде философия мамандығы ашылуына байланысты, сонда ауысып, философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істейді. 2001 жылы әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі (академик) болып сайланды.

2004 жылдан бері Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде кафедра меңгерушісі, 2006 жылдан профессор болып қызмет

атқарады. Ғалым-ұстаз философияның, соның ішінде қазақ философиясының ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған өзінің мектебін құрды. Республикада бұл салада Тілекжан Хасенұлының беделі жоғары. Профессор Т.Рысқалиев отандық философияда алғашқылардың бірі болып, қазақ философиясының өзекті мәселелерін жан-жақты талдады. Көп жылдар Философия және саясаттану институтының философия ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөнінде диссертациялық кеңесінің мүшесі болды. Елімізде ғылыми кадрлардың өсуіне өз үлесін қосқан ғалым көп жылдар КСРО Философия қоғамының батысқазақстандық бөлімін басқарған. 2012-2013 оқу жылдарының қорытындысы бойынша «Жәңгір хан университетінің үздік оқытушысы» ретінде марапатталған.

Биыл желтоқсан айында философия ғылымдарының докторы, профессор Тілекжан Рысқалиев 85 жасқа толады. Ғалым-ұстаз туралы мақаланы газетіміздің 2-бетінен оқи аласыздар.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

АТИ жеңісті қолдан бермеді

Дәстүрлі «Бірінші курс» іс-шарасы биыл Жәңгір хан университетінің 60 жылдығына арналды. Ауыспалы кубок осы жылы да Агротехнологиялық институтқа бұйырды.

Шараны университеттің Жастар бастамасын дамыту орталығы ұйымдастырды. Ұйымдастырушылар атап өткендей, бұл шараның мақсаты – шығармашыл жастар арасында тәжірибе алмасу мүмкіндігін қалыптастыру, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру және оларды мәдени, қоғамдық-саяси өмірге тарту. Сайысқа қатысқан әр институттың бірінші курс білім алушылары «Заманауи және патриоттық ән», «Қазақ ұлттық және заманауи бағыттағы хореография», «Жайдарман ойыны», «Аспаптарда ойнау», «Көркем сөз оқу», «Режиссура», «Жүргізушілер», «Бейнеролик», «Үздік мобилограф» сынды аталымдар бойынша өнерлерін көрсетті. Байқауға өңірімізге танымал өнер иелері әділ қазылық етті. Сайыс соңында

жеңімпаздар мен жүлдегерлердің есімдері белгілі болды.

Жалпы есеп бойынша гран-при жүлдесін Агротехнологиялық институты («Үздік ұл жүргізуші», «Ұлттық ән», «Заманауи ән», «Жайдарман», «Көркем сөз», «Үздік мобилограф», «Аспапта ойнау») жеңіп алды.

«Үздік қыз жүргізуші» – Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институты.

«Үздік режиссура», «Заманауи би», «Ұлттық би» – Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институты.

Еске сала кетсек, аталмыш байқауда берілетін ауыспалы кубок «Қыран» бейнесін өткен жылы да Агротехнологиялық институт жеңіп алған болатын.



Жауһар ойдың иесі

Бүгінгі кейіпкерімізді «тұлға» деп айтуға толық негіз бар. Себебі өз мамандығын шексіз сүйетін, өскелең ұрпақ тәрбиесіне сүбелі үлес қосып жүрген, шәкірттері мен әріптестерінің құрметіне бөленген мұндай жанның тұлғалық қасиеті орасан зор.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Тілекжан Рысқалиевті қалың көпшілікке таныстырып жатудың өзі артық секілді. Білім ордасындағы қазыналы қариялардың бірі, үнемі қарапайым қалпынан танбай, парасаттылық танытып жүретін Тілекжан Хасенұлы университеттегі жастар да, үлкендер де үлгі тұтады, құрметтейді. Қасиетті Орда топырағында

Байырғалиұлы Таубаев «Қазақтың Сократы» деген мақала жазған екен. Расымен де, табылған теңеу, лайықты бағалау. Сократ – ежелгі грек философы болса, Тілекжан Рысқалиев – қазақ даласындағы Әл-Фараби, Баласағұн, Абай, Шәкәрім секілді кемеңгер ойшылдардың сарқыншағы іспетті.

«Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқ рахат үшін емес, шынайы игілік үшін



дүние есігін ашқан белді ғалым, ұлағатты ұстаз Тілекжан атайды «дария кеуде, тау мүсін» абыз ақсақалға, асқан ойшыл ғалымға теңесе де жарасады.

Алпыс жылдық тарихы бар қара шаңырақ – Жәңгір хан университетінде 2004 жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан ғалым-ұстаз философия саласын терең зерттеп, республика деңгейіндегі танымал ғалымдардың санатына қосылғанының өзі көп нәрсені аңғартады. Негізінен философия – жалпы адамзаттық ілім, даналық ұғымымен

бағытталуында, адамның өз мінез-кұлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттап отыруында» деген екен түрік ойшылдарының ең мәшһүрі, ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби. Мінекей, осындай пәлсапалық ой Тілекжан Хасенұлы секілді адамдарға арналып айтылған секілді. Алдына қойған мақсатын игілікке бағыттап, ізгілікті істердің басы-қасында жүретін ғалым-ұстаз шыныменен де бақытты.

Сыртқы болмыс-бітімімен-ақ өзгелердің көзіне жылы ұшырайтын



астасып жатқан сала. Осы саланың «жілігін шағып, майын ішкен» Тілекжан Хасенұлы жасы 85-ке келсе де, әлі күнге қағаз-қаламынан бір елі ажырамай келеді. Облыстық, республикалық деңгейдегі басылымдарға мақалаларын жариялап, өзінің бағалы уақытын ізгі істерге арнап келеді. Кейіпкеріміздің «Философия тарихы» атты оқулық кітабын еліміздің барлық өңіріндегі студенттер пайдаланып жүр.

Өмірден көрген-түйгені мол кейіпкеріміз туралы бір кездері Жәңгір хан университеті басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор Өтеген

Тілекжан ағаға әріптестерінің де ықыласы ерекше. Әрдайым құрақ ұшып, құрмет көрсетіп, ізеттілік танытып жатады. Көпті көрген қария да олардан ақыл-кеңесін аямай, арасында әзілімен жандарын жадыратып, жақсы көңіл күй сыйлап жүреді. Бүгінгідей қым-қуыт заманда, күнделікті күйбең тірлікпен ойлары сан-сақта жүретін адамдардың көңілін серпілетін мұндай жандар сирек екені жасырын емес.

Әріптестері ғалымның философиялық ғылыми еңбектерінің өзі ізденуші адамға түсінікті тілмен жазылғанын, сонысымен көпшіліктің сұранысына ие екені сенім білдіреді. Өзгегің жетістігі-



не қуана білетін, жас мамандарға қолдау көрсетіп, шәкірттерін өз баласындай тәрбиелейтін ғалым-ұстаз «бүгінгі күн – ертеңгі тарих» дегенді жиі айтады екен. Қолынан газет-журналын тастамай, әр басылымдағы тұшымды мақалаларды қалт жібермей оқып жүретін ерекше қасиеті де бізге аян. «Қарап отырмай мақала жазыңдар, үнемі жазған адамның өзіндік жазу дағдысы қалыптасады» деп әріптестеріне әрдайым айтып жүретін Тілекжан ағамыздың биязы мінезін, салмақты тұлғасын, өмірге құштарлығын, сауатты жазу шеберлігін,

әкесі туралы да айтпай кетпеуге болмас. Хасен Рысқалиев Ұлы Отан соғысындағы қанды қырғынға қатысып, ерлігімен және ержүректілігімен жиі көзге түскен екен. Бұған дәлел – бірінші және екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталуы, бас қолбасшы И.В.Сталиннің атынан он рет алғыс алуы. Сонымен қатар коммунист болып, еліне адал қызмет еткен. Осындай мақтан тұтар әкенің тәлімін көрген кейіпкеріміздің тектілігі – қарапайымдылығында, бауырмалдығында, адалдығында, еңбекқорлығында деп ойлаймын. Басқа



жұмыстағы жауапкершілігін басқаға ұқсату мүмкін емес. Ол – өзінше бір дара тұлға.

«Данышпандар мен ғалымдар біз қарайтын өмірге басқаша қарайды. Олар ерекше ойлау қабілетіне ие» деген екен Нарша Булғакбаев есімді жас қаламгер. Осы дәйексөзді оқыған кезде де өмірді шексіз сүйетін сабырлы ұстаз, тамаша ғалым Тілекжан Хасенұлы ойға оралады.


Қазақта «тектіден текті туады» деген ұғым бар. Осы ретте Тілекжан ағамыздың

марапаттарын айтпағанның өзінде ол кісі екі рет – 1990 және 2006 жылы «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталыпты. Біле білген адамға оқытушы үшін, ғалым-ұстаз үшін бұдан артық марапат болмайтын шығар.

Бүгінде 85 жасқа келсе де, көңілі сергек, қимылы ширақ, жүрісі тың Тілекжан ағамыз торқалы 90 жасқа дейін де қатардан қалмай, саналы ғұмыр кешіп, биік тұлғасымен көш басында жүрегіне сенім мол.

Ләззат ҚАЖЫМОВА





Жастарды зиянды әдеттерден сақтандырды

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде жастарды нашакорлықтан сақтандыруға бағытталған кездесу өтті.

Кездесуге БҚО Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Елдос Назаров қатысты. Ұйымдастырушылар атап өткендей, жастарға бұл бағытта түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Себебі, нашакорлық адамзат баласының денсаулығы мен еліміздің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін қауіпті дерт.

Алдымен сөз алған университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов шараның маңыздылығын атап өтіп, келген қонақпен таныстырды. Аға жедел



уәкіл Елдос Тәттіғалиұлы өз баяндамасында қоғамдағы бұл «кеселге» жолаудың соңы қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соқтыратынын айтып, кез келген күмәнді ақпараттарға сенбеуге шақырды. Кездесу барысында білім алушыларға тақырыпқа сай бейнеролик көрсетілді.

Жалпы Жәңгір хан университетінде жастарды зиянды әдеттерден сақтандыру, тура жолға бағыттау, отансүйгіштікке баулу бағытындағы тәрбиелік жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Кездесу барысында мамандар білім алушыларға нашакорлықпен қатысты іс-әрекеттердің тигізетін зардабын түсіндіріп, жастар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап берді. Бұл облыс орталығына жан-жақтан жиналған жастардың қауіпсіз әрі жарқын болашағын қамтамасыз етуге негізделген іс-шара болды.

Салауатты өмір салтына бағытталған шара

Агротехнологиялық институтының «Тағам және қайта өңдеу өндірістерінің технологиялары» жоғары мектебінде 27 қараша күні «ЖИТС – ғасыр дерті» атты ашық тәрбие сағаты өтті.



I курс (ПБ-11 тобы) студенттерімен ұйымдастырылған тәрбие сағаты 1 желтоқсан – дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні қарсаңында АИТВ-инфекциясының алдын алуға бағытталды.

Ашық тәрбие сағатының мақсаты – адамзат өміріне қауіп төндіретін қатерлі СПИД дертінің алдын алу, оның жұғу жолдары, одан сақтану, қорғана білу туралы түсіндіру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Білім алушылар АИТВ мен ЖИТС дерттерінен қалай сақтану керек, олар қандай жолмен таралады, қазіргі кезде қоғам болып күресуде не істеу керек деген деген маңызды мәселелерді білді. Ашық тәрбие сағаты мақсатына жетіп, студенттер қатерлі дерттің алдын алу жолдарын біліп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын ұғынды.

Мархабат БАЙЫРОВА,
оқытушы, магистр



Патриоттық рух беретін фильм көрсетілді

24 қараша күні университетіміздің №3 студенттер үйінің үлкен залында «Балуан Шолақ» көркем фильмі көрсетілді.

Көрсетілімді «Кәсіби және көркем технологиялық білім беру» жоғары мектебінің оқытушылары ұйымдастырды. Фильмді «Әскери дайындық және дене шынықтыру», «Дене шынықтыру және спорт», «Визуалды өнер, көркем еңбек және графика» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушылар тамашалады. Басты мақсатымыз – өскелең ұрпаққа патриоттық рух беріп, отансүйгіштік қасиеттерін ояту.

Балуан Шолақ (Нұрмағанбет Баймырзаұлы) – қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпаз, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген палуан. Қазақ халқының мақтанышы Балуан Шолақ туралы көркем фильм жастарға ұнады. Мұнда тарих та, саясат та, өнер де, әзіл де, астар да бар.

Балуан Шолақтың образы арқылы қазақ даласының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі көз алдымызға келеді. Дерек көздерінде күш атасы – Балуан Шолақ деген атпен танылған ол жастайынан жұрт назарына ілігіп, есімі шартарапқа жайылады. Жауырыны жерге тимеген балуан ауыл арасындағы той-думандарда ауыр гир тастарын көтеріп, жұртты тәнті еткен. Ат құлағында ойнап, күрделі цирктік көріністер жасай беретін өнерпаз болған. Тіпті бойындағы күштің жойқындығын неше түрлі амал-тәсілмен көрсететіні, елу бір пұт гир тасын көтергені, орыстың әйгілі кәсіби палуаны Иван Кореньді жығуы мысал етілетін. Бәрінен бұрын ол адуынды ақын, әнші-сазгер. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған сегіз қырлы, бір сырлы тарлан осыншама өнерді бір кісідей алып жүрді. Ол Көкше алқабының дүлдүлдері Біржан сал мен Ақан серіні ұстаз тұтты. Олардың әндерін нақышына келтіре орындады. Оның даңқы Көкшетау өңірінен асып, күллі қазақ өлкесіне тарайды. Шартарапта барша жұрт оны құрметтеп қарсы алып, төбесіне көтерді, өнеріне сүйсінді. Міне, тарихи деректегі осы айтылған дүниенің бәрі фильмде көрініс тапқан.

Біз бұған дейін Балуан Шолақтың қалай «шолақ» атанғанын қолының үсіп қалуымен немесе арқан тарту ойынында саусақтарын күйдіріп алуымен байланыстыратын едік. Фильмде бала Нұрмағанбеттің көкжалмен арпалысып, ақыр соңында қылқындырып



өлтіргені, соның салдарынан қолы шолақ болып қалғаны көрсетіледі.

Талантты актер Еркебұлан Дайыров та Балуан Шолақтың образын сәтті ойнап шықты. Балуан Шолақтың өзін көргендей болдық. Сондай-ақ, фильмнің өскелең ұрпаққа патриоттық рух беретін тұсы көп. Әр қазақ баласы туған жерін, Отанын, шаңырағын сақтап қалудың оңай емес екенін, сол мақсатта күресті жолдан өтетінін іштей сезінеді. Сайын далаға қоныс аударған «переселендер» келгелі тыныштық кеткенін байқаған ел қамын жеген азаматтар «Біз өз жерімізде өмір сүріп жатырмыз. Бұл тыныштықты сырттан келген бөгде адамдардың бұзуға қақысы жоқ» деп қарсы тұруы – нағыз ерлік. Тіпті, бұл мәселені өз мойнына алған Балуан Шолақтың ештеңеден тайсалмай, осы шешімді шығарғандардың алдына баса-көктеп баруы да оның қазақ жері, қазақ мәселесі үшін басын бәйгеге тігетін қайраткер екенін айғақтайды. Бір өкініштісі, фильмнен сатқынның да өз ішімізден шығатынын, тіпті ояз бастығының «Бұл істі басқалай жолмен шешу керек. Яғни, қазақты қазаққа қарсы қояйық, мәселе өзі-ақ шешіледі» деген саясатынан сол замандағы арандатушылардың қолымен жасалған қастандықты да аңғару қиын емес. Тағы бір тұсы, бұрын-соңды фильмдерде азаттық ой ашық айтылмайтын еді. Балуан Шолақтың «Бізге бұл байтақ даланы Абылай хан шошқа бақсын деп қалдырған жоқ» десе, орыс губернаторының қызына «Қазақтың шапанын киіп жылынып отырғанын қарашы» дегені көптің көңіліне жылы қабылданды. Фильмнің мақсаты – отарлау саясатының қалай жүзеге асқанын, Балуан Шолақ тұлғасын таныстырып, сол тарихи кезенді көрсету. Отандық фильмдер патриотизмді оятады. Солардың арқасында біз Отанымыздың даңқын асқақтатқан батырлардың өмірін тереңірек танып-біліп жатырмыз.

Айгүл ДЖАКУПОВА,
«Кәсіби және көркем технологиялық білім беру» ЖМ-ның аға оқытушысы



Университетшілік «Заңғар» газетінде «Студент қаламынан» атты жаңа айдардың тұсауын кескелі отырмыз. Алғашқы тұсаукесер бетімізде қолына қалам ұстап, ақ қағазды өлеңмен өрнектеп жүрген, шығармашылыққа жақын қос студенттің авторлық туындылары жарық көрді. Бұл айдарымыз ғұмырлы болып, өлеңсүйер оқырманымыз сүйіп оқитын бетке айналады деген сенімдеміз.



Гүлсезім ЖАНАЙДАРОВА,
Жерге орналастыру (ЗУ-11)

Агротехнологиялық институт 1 курс

Студенттік алғашқы апта

Уақыт жетіп аяқтадық мектепті,
Іште уайым, қуаныш та өтеді.
“Жаңа ортам қандай болар екен?” деп,
Ұйқысыз түндер бастан өтеді.

Балалықты артқа тастап біз келдік,
Жаңа өмір ортамызды өзгерттік.
БҚАТУ-да оқу бізге бұйырып,
Алдымызға жазғанды енді көрелік.

Орта жаңа, ұстаз жаңа өзгерген,
Өз күніңді өзің көріп өзіңмен.
Отбасың бар үйде сеніп отырған,
Отбасың бар тілеуіңді тілеген.

Оқу жылы жаңа аптадан басталып,
Таныс емес ортадан сәл жасқанып.
Сағынғанмен мектептегі кезінді,
Кеттім енді мен студент атанып.

Оқуыңнан шаршап кейде кетесің,
Тыныш қой деп бөлмеңе қайтып
келесің.

Ол жерде де терең ойға кетесің,
Алғашқы апта түсініксіз өтетін.

Алғашқы сәт осылайша басталып,
Жатақхана өмірінен жасқанып.
Кеткің келіп, аңсап өткен көктемді,
Кейде кетер жанарыңнан жас тамып.

Бастан кешіп бір аптада түрлісін,
Бұл аптаның сыры қандай кім білсін?!
Бастауы деп түсінуге тырысам,
Бұл жағдайда ойда басқа не тұрсын?

Сабакқа да барыңды сап қатысып,
Ұстаз басқа, қарамайды жаны ашып.
Іштей кейде терең ойға үңіліп,
Мектептегі ұстазыңды аңсарсың.

Еркіндіктен жаның ләззат тапқанмен,
Іштей сезім өзге болып көрінген.
Мен аңсаған студенттің өмірі,
Осы ма деп күрсінесің ішіннен.

Жаңа орта қарсылайды әртүрлі,
Біреуі шын, біреу жалған күледі.
Көрген жанның бәрі “Шіркін осы шақ!
Ең қызығы осы ғой” деп кетеді.

Болашақтан үмітті біз күтеміз,
Күтіп жүріп, еңбектеніп келеміз.
Осы алғашқы апталарды еске алып,
Жетістікке жеткен күні күлерміз.

БҚАТУ жайлы

Тамаша сөздерді мен қолданайын,
Шабытым кеп тұрғанда әзір дайын.
Өнерімді барынша іске қосып,
Универім жайында толғанайын.

Жетістікпен адамдары еңбектенген,
Спорт, білім, жан-жақты жеңіс көрген.
Тарихта аты қалар тұлғасы бар,
Бұл БҚАТУ, ары қарай құлақ сал сен.

Ең әуелі бастасам оқуынан,
Білімі зор, зейінді жастар шыққан.
Шет елдерге оқуға кеңес беріп,
Шабыт қосып түрлі әлемге жол ашқан.

БҚАТУ деген есімімен әйгілі,
Топты жарып, берген емес бәйгені.
Білім қуған жастар үшін салынған,
Көркейсінші универім бүгінгі.

БҚАТУ-дың тарихы тұнған аңыз,
Білмей жатып тарихын даттамаңыз.
Өзгелердің ойы бізге қызық болмас,
Ең бастысы біз өзіңмен мақтанамыз.

Білім менен ғылымның бар саласын,
БҚАТУ-дан тауып сен тамсанасың.
Үйретуден талмайтын, танбайтұғын,
БҚАТУ-дың ұстаздары жүз жасасын!

Анама

Анам маған “саған сенем қызым” деген,
Сол сенімін ақтау үшін еңбек етем.
Бұл дүниеде кім сен үшін жанын са-
лып,

Кім сен үшін түн ұйқысын төртке
бөлген.

Анам маған үміт артқан жалғызым деп,
Жалғыздың шығар-шықпас жаны бар
тек.

Жанын салып қолдайтұғын әрбір сәтте,
Асыл жанды кім маған кездестірмек?
Бар мейірімін өмірдің арнаған Анам,
Қатарыман қалдырмай өсірген жан.
“Қадамың сәтті болсын ақылдым” деп,
Күн сайын қолдау білдірген адам.



Ерлан САНСЫЗБАЕВ,
Агротехникалық институт, ССМ-31

Күз

Күз келіп сарғайып жапырақтар,
Күз жылуы жылытты күн ұзаққа.
Бөлек қой күз ауасы, күз күндері,
Ұшып кетті құстар да жылы жаққа.

Күздің басы қыркүйек, жылы күндер,
Жасыл-сары ағаштар қыр төсінде.
Таң атып, күн бататын уақыттарда,
Күз әдемі көрінер тамсандыра.

Қазан айы, күз ортасы, қоңыр салқын,
Күртеше мен малақай киіп қалың.

Қарашада қоңыр-сары жер бояуы,
Салқын жел, су да қатып мұз болады.

Күз айлары, аяз да сезілгендей,
Күз айлары, әртүрлі жаралғанды.
Ағаштар боянады түрленгендей,
Күз келгенде өзгеше дала таңы.

Осень

Тучи грозные, хмурые облака
Несутся с ветром из далека
Доставив дождь в наш далёки край
Так ожидавший осеннего дождя

Посланник осени облачко серое,
Дождливые тучи закрыли всё небо.
Желтые листья дорожкой лежать
Создавая путь осени древней

Осень

Осень, холодный воздух,
Дождливые дни опять, опять.
Зеленый цвет окрасился желтым,
А деревья уходят спать.

Золотая осень, золотой листопад,
Как зима и большой снегопад.
Деревья без шубки своей,
Осыпана земля как золотой бродвей.

Последний месяц осени,
Холоднее день за днём.
Пожелтели все деревья,
Дуб, береза и даже клён.

Құрметті білім алушылар!



**Егер Сіздің мақала, эссе, әңгіме, өлең жазу
сынды шығармашылық қабілетіңіз болса,
өз туындыларыңызды басылым бетінен
көргіңіз келсе, телесюжеттер жасап, мақала
жазып үйренгіңіз келсе, университеттегі
Медиа-орталыққа келіңіз.**

**Бас ғимарат, 2-қабат,
206-бөлме**

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың
29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г
қуәлігі берілген.

**БҚАТУ медиа
орталығының
директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА**

**Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталы-
ғында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында
басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурс-
тарында таратылады. Тапсырыс: № 573
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы
деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru